

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Педиатрия-2» кафедрасы		044-61\ 7беттің1беті
Клиникалық дағдылар бойынша студенттерге арналған оқу-әдістемелік нұсқау		

Тәжірибелік дағдылар орталығында клиникалық дағдыларды оқыту бойынша студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулар (орындау алгоритмі қолдануымен)

Пән: «Балалар аурулар негіздері»

Мамандығы: 6В10101 «Жалпы медицина»

Курс: IV

Кафедра: «Педиатрия-2»

Құрастырушы: асс.Шагираева С.К.

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Педиатрия-2» кафедрасы

044-61\
7беттің2беті

Клиникалық дағдылар бойынша студенттерге арналған оқу-әдістемелік нұсқау

«Педиатрия-2» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, бекітілді.

Кафедра меңгерушісі, профессор  Г.Е. Бектенова

Хаттама № 5 «29» 12 2022 ж.

**1.Клиникалық дағды атауы: «Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу техникасы»
Манекен-Тренажер Малыш**

2.Оқыту мақсаты:

1. Манекенде жүрек-өкпе реанимациясы жүргізу ережелері мен техникасы бойынша практикалық дағдыларды игеру.
2. Манекенде жүрек-өкпе реанимациясының әдістемесін пысықтау.
3. Нақты клиникалық жағдайларда қолдануды ескере отырып, жетілуге дейінгі клиникалық дағдыларды пысықтау.

4. Манекенде нұсқау беру және дағдыларды көрсету үшін қажетті уақыт -10 мин.

5. Өз бетімен игеру дағдысын үшін қажетті уақыт - 15 мин.

6. Дағдыны игеруге арналған қажетті теориялық білімдер

1. Жүрек-өкпе реанимациясын өткізу көрсеткіштері.
2. Тыныс алудың тоқтау себептері
3. Жүрек қызметінің тоқтау себептері
4. Клиникалық өлімнің диагностикасы
5. Жүрек-өкпе реанимациясын өткізу ережелері мен техникасы
6. Шұғыл көмектің базистік іс-шаралары
7. Жүрек-өкпе реанимациясын тиімділігін бақылау әдістері
8. Жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу кезіндегі ықтимал асқынулар мен қауіпсіздік техникасы

4. Тренажер, симулятор, манекен, моделдер тізімі

1. Жүрек өкпе реанимациясы өткізуге арналған арнайы манекен-тренажер **1 жасқа дейінгі бала**

5.Медициналық құралдар мен жабдықтар тізімі фонендоскоп

1. фонендоскоп
2. спирт 96%
3. стерильді майлықтар

6. Дағдыны орындау алгоритмі

№	Дағды қадамдары	орындады	орындамады	ескертулер
1				
1	Тыныс алудың, жүрек соғуының, ұйқы және иық артерияларда пульс бар-			

	жоқтығын, қарашықтардың жарыққа реакциясын анықтаңыз (сурет №6).			
2	Баланы тегіс жерге жатқызыңыз, басын оңға бұрыңыз .			
3	Дәкелі салфеткамен ауыз қуысы мен жұтқыншақты кілегей мен құсық массаларынан механикалық түрде тазартыңыз (сурет №7б).			
4	Басын түзу қалыпына келтіріңіз, иық астына жұмсақ білік қойыңыз.			
5	Тыныс жолдарын түзу орналасуын қамтамасыз ету үшін басын аздап шалқайтып, төменгі жақты алға және жоғары орналастырыңыз (иегін ең жоғары қалыпта орналасуы қажет (сурет №7а).			
6	Баланың аузы мен мұрынына екінші 2 қабатты дәкелі сулықты жабыңыз (сурет №7в). Реанимациялық шараларды бастау уақытын белгілеңіз.			
7	Ауаны тыныстап, баланың аузы мен мұрнын ерніңізбен толықтай жауып, аздаған күшпен ауаны үрлеңіз (сурет №7г).			
8	Ауа үрлеуді кеуде торабы көтерілгенде тоқтатыңыз, пассивті тыныс шығаруға мүмкіндік беріңіз (ауаны үрлеу жиілігі минутына 20 рет).			
9	Алғашқы 3-4 инсуффляциядан кейін ұйқы және сан артерияларындағы пульсті тексеріңіз, болмаса, жүректің тікелей емес массажын жасауға кірісіңіз.			
10	Оң қолыңыздың екі саусақ ұшымен баланың емізікше сызығынан бір			

	саусақтың ені көлеміндегі төмен аймақта 1-2 см тереңдікке ырғақты түрде басыңыз (сурет №8).			
11	Реанимациялық шараларды келесі қатынаста жүргізіңіз - 2 үрлеуге 30 компрессия жасаңыз.			
12	1-2 минут сайын баланың жағдайын бағалап отырыңыз (өздігінше тыныс алуы, жүрек соғуы, ұйқы артериясының пульсациясы, цианоздың азаюы, көз қарашығының кішіреюі, АҚҚ 50-70 мм.сын. бағ. көтерілуі)			
	Максимальды балл:			

9. Тапсырма:

Клиникалық жағдай №1

Оқиға орны: спорт залы

Науқас туралы деректер: 6 жасар науқас.

Шарт: Сіз жедел медициналық көмек дәрігері, спорт залына шақырту келді. 6 жастағы бала қоян-қолтық ұрыс бойынша спорттық жарыстардағы жекпе-жек кезінде, кеуде қуысына соққыдан кейін өзін нашар сезініп, мұзданып, есінен танып қалды. Осы кезеңде зардап шеккен адамға жедел медициналық көмек көрсету дағдысын көрсете отырып және өз іс-қимылдарын дауыстап түсіндіре отырып.

Қадамдық тапсырмалар:

1. Науқастың өмірлік маңызды параметрлерін бағалау
2. Науқасты дайындау
3. Кеуде қуысына компрессия жүргізу
4. Жоғарғы тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету
5. Өкпені жасанды желдету
6. Жүректің тікелей емес массаж жасау техникасы
7. Жүргізілген шаралардың нәтижелігін бағаланыз

10. Дағдыларды орындаудың бағалау критерийлері:

Орындалды –5 қадамдық әрекеттерді интерн клиникалық дағдыларға сәйкес орындады. Науқаспен сәлемдесуінен бастап жүрекке аускультация дұрыс жүргізілгеніне қарай бағаланды. Науқаспен кері байланыс. Науқаспен қоштасты.

Жартылай орындалды- 5 қадамдық әрекеттің 2 әрекетін интерн клиникалық дағдыларға сәйкес орындады. Сәлемдесуден бастап манипуляция жүргізуі толық орындалмады. Кері байланыс науқаспен дұрыс орнатылмады.

Орындалмады –5 қадамдық әрекеттің ешқайсысын интерн клиникалық дағдыларға сәйкес дұрыс орындамады. Науқаспен сәлемдесуден бастап манипуляция жүргізгеніне дейін дұрыс орындамады. Науқаспен кері байланыс болмады. Науқаспен қоштаспады.

11. Тақырыпты бағалауға арналған тесттер

1 ~ Миокардың тұрақсыз электрлік маркерлеріне жатпайды

а) политопты қарыншалық экстрасистола

б) монотопты қарыншалық экстрасистола

в) ерте қарыншалық экстрасистола+

г) топтық қарыншалық экстрасистола

д) қарыншалық тахикардия пароксизмдері

2 ~ Клиникалық мына жағдайда қойылмайды...

а) есі анық болмағанда

б) тынысы жоқ болғанда

в) ұйқы артерияларында пульс анықталмағанда

г) көз қарашығы ұлғайғанда

д) көз қарашығы кішірейгенде+

3 ~ Ассиметриалды гипертрафиялықкардиопатия синкопальді жағдай пайда болғанда...

а) систоликалық обструкция

б) сол жақ қарыншаның систололық қызметінің төмендеуі

в) сол жақ қарыншаның диастололық дисфункция+

г) оң жақ қарыншаның систололық дисфункция

д) оң жақ қарыншаның диастололық дисфункция

4 ~ гипертрофиялық кардиопатияларда синкопальді жағдайға тән емес

а) тек таңғы уақытта белгілердің пайда болуы

б) физикалық жүктемеден соң пайда болуы+

в) нитраттарды қабылдаған соң

г) антиагреганттар

д) антикоагулянттар

5 ~ Сол жақ АВ-шеңберінің стенозында синкопальді жағдайдың себебін ата

а) сол жүрекшедегі шар тәрізді тромб

б) суправентрикулярлы тахикардия+

в) төменгі жақтағы веналардың кеңеюі

г) синусты тахикардия

д) синусты брадикардия

7 ~ Кенеттен естен тану-

а) естен тану

б) шок

- в) мигрень+
 - г) коллапс
 - д) кома
- 8 ~ Науқас есінен танған, мойын омыртқасының сынуы, сіздің іс әрекетіңіз
- а) жақты төмен түсіріп аузын ашу+
 - б) Сафари әдісін жасау
 - в) бронхоскопия
 - г) коникотомия
 - д) Хаймлик әдісі
- 9 ~ Дефебриляциялық аппараттың электрлік разряды
- а) 200-360дж
 - б) 100-160 дж
 - в) 50-120 дж+
 - г) 150-310- дж
 - д) 250-410 дж

12. Әдебиеттер тізімі:

- 1 Промыцкий О.Т Өкпе-жүрек реанимациясы; оқу әдістемелік құрал
2. Курск В.В. Руководство по неотложным состояниям у детей: оқулық/В.В. Курск, А.Е. Кулагин, М., Медицина 2008,
3. Карабеков А.К., Ризаметов И.Х, Баймаханова Б.Б Практические навыки резидентуры по специальности Педиатрия методическое рекомендации, Шымкент 2014
3. Верткин А., Свешников К. Руководство по скорой медицинской помощи. Москва. - Издательство Э. – 2017. – 560 с.
4. Неотложная амбулаторно-поликлиническая кардиология: краткое руководство / В. В. Руксин. - 2-е изд. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2016.- 255 с

Қосымша әдебиеттер:

1. Неотложная кардиология. Под ред. П.П. Огурцова, В.Е. Дворникова. - ГЭОТАР-Медиа. – 2016. – 272 с.
3. Скорая медицинская помощь. Клинические рекомендации / под ред.: С.Ф. Багненко. - М.: [б. и.], 2015. -871 с.
4. Неотложная помощь у детей: справочник: пер. с нем. / - М. : Медпресс-информ, 2014.

O'NTUSTIK QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Педиатрия-2» кафедрасы

Клиникалық дағдылар бойынша студенттерге арналған оқу-әдістемелік нұсқау

044-61\
7беттің8беті